

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

FTAMP 17.71.91

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-2.17>

М.Е. АЙМУХАНБЕТОВА¹



*А.М. КАРТАЕВА²



Б.Н. БИЯРОВ³



С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен, Қазақстан^{1,2,3}

(e-mail: Madina.aimukhanbetova@gmail.com¹, kartaeva2025@mail.ru²,
berdibek_biyar@mail.ru³)

*КИЕЛІ АЛТАЙДЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ТОПОНИМИКАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада Шығыс Қазақстанның көрікті жері Алтайдың табиғаты мен аңыздарының көркем шығармада суреттелуі арнайы зерделенеді. Алтайдың сұлу көркі, тереңге тартқан тарихы, бай шежіресі бар осындай тамаша табиғат аясында дарынды адамдар мен қарымды қаламгерлер шыққаны сөз болады. Ғажайып өлкеде туған Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров, Асқар Алтай қазақ әдебиетінің алтын қорына мол қазына әкелгені айтылады. Сөз зергерлері Алтайдың шыңдарын, сұлу табиғатын, сол мекенге тән жұмбақ сырларын суреттеп, тамаша туындыларымен проза жанрын дамытып биік деңгейге көтергені анықталады. Шығыс Қазақстанның, Алтайдың киелі жерлеріне қатысты аңыздар ел арасында көп таралғаны, оларды жазушылар шығармаларында қалай қолданғаны мақала арқауына өзек болады. Автор фольклордағы аңыздың теориялық анықтамасы мен оның түрлеріне тоқталып, М.Әуезовтің, С.Қасқабасовтың ғылыми тұжырымдарын негізге алады. С.Қасқабасовтың тарихи аңыздар және топонимикалық аңыздар деп екіге бөліп қарастыратынын басшылық етеді.

Табиғат сұлулығын көркем суреттеген О.Бөкей шығармаларында мифтік аңыздық сипаттың басым, әсіресе «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Мұзтау» повестерінде екені аталады. Жазушының «Жылымық» әңгімесіндегі Қаракөл аңызына, «Мұзтау» повесіндегі Мәметек би туралы аңыздардың көркем шығармадағы қолданысына талдау жасайды.

Қара сөздің шебері Қалихан Ысқақтың «Қараорман» романындағы басты кейіпкер Сигаттың ауыл арасында айтылып жүрген жұмақты іздеу аңызына тоқталады.

Шығыс Қазақстанның киелі жерлерінің аталуы туралы аңыз әңгімелерге, соның ішінде ел ішінде көп таралған Марқакөл туралы аңызды А.Алтайдың «Былғары табыт» романынан тауып анықтайды. Марқакөл деп аталу себебін айтатын ел арасында тараған аңызды жазушының шығармада идеялық-көркемдік тұрғыдан бейнелегені дәлелденеді. Осы сияқты Қызбейіт деп атауға байланысты аңызды жазушының «Қызбейіт» әңгімесінде шебер қолданғаны мақалада талданады.

Түйін сөздер: Алтай, табиғат, топонимикалық аңыз, тарихи аңыз, жазушы, көркем шығарма, идея, көркемдік шеберлік.

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті бекіткен АР26199899 «Шығыс Қазақстанның әдеби және лингвистикалық туризмнің аймақтық интеграциясы: топонимдердің этимологиясы мен мекендік аңыздарды цифрландыру» атты гранттық жобасы аясында әзірленді.

Кіріспе. Ежелден ата-бабаларымыз мекендеген Шығыс Қазақстан өңірі өзінің қазына байлығымен, көркем табиғатымен, тамаша келбетімен әлемге әйгілі. Бұл өңірдің әрбір тауы мен тасы өзені мен көлі тереңге тартқан тарих қойнауларынан сыр шертеді. Сақ, ғұн қорғандары, археологиялық олжалар, сондай-ақ осы өңірдегі әрбір тау, тас, өзен-көлдер ғасырлар қойнауын сақтай отырып, бай тарихтың сырын ашады. Көкке бой созған асқар шыңдары, қалың орман алқаптары, ұлан-ғайыр жазықтары мен арнасынан асып ағатын Ертіс өзені бұл өңірдің табиғи-географиялық келбетін айқындайды. Осындай ерекше табиғи орта ғасырлар бойы адамзат тіршілігінің мекені болып, рухани және мәдени дамуына ықпал етіп келеді. Сондықтан табиғи әлеуеті жоғары бұл аймақта шығармашылық тұлғалардың қалыптасуы заңды құбылыс. Жер байлығына, сұлулығына ой тереңдігі, ақыл арнасы қосылып, тұтас бір ғажап келбет жасағандай.

Тылсым табиғат талай қаламгерлерді, ақын-жазушыларды, ғалымдарды, дарынды адамдарды дүниеге әкелді. Ғажайып сырға толы бұл өңірден қазақ әдебиетінің қаламы қарымды қаламгерлері шықты. Аспанмен астасқан асқақ Алтай сөзбен сурет салған Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров, Асқар Алтайдай сөз зергерлерін тұмса табиғат құшағында әділдеп өмірге әкелді.

Алтайдың алып шыңдарын, басын мәңгі мұз басқан Мұзтауын, Алтайдың көркі – кербұғысын, аспанмен бой таластырған зәулім қарағайларын, тек осы мекенге тән жұмбақ сырларын, жердің өзіндік тылсым қырларын Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров, Асқар Алтайдан артық жазған жазушы кемде-кем. Олар өз шығармаларында Алтайдың сұлу табиғатын айшықтап, сөзбен сурет салды. Сол мекеннің бірегей құпия құбылыстарын, өзіне ғана тән жасырын сиқырларын жазып сыр шетті. Шығыс Қазақстан өңірінің тарихи шежіресі, жер-су атауларының шығу тегі, сол елдің мекендік тарихи аңыз әңгімелерін жазды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Көркем сөз шеберлері шығармаларында ежелден халық арасына тараған аңыздармен қатар, тек сол өңірге ғана белгілі аңыздар да көп кездеседі. Осы зерттеу мақаламызда қаламгерлер шығармаларындағы жер-су атауларына қатысты аңыздарды тауып, олардың көркем шығармада атқарып тұрған қызметіне ғылыми тұрғыдан талдау жасалады. Шығыс Қазақстанның аңыз-әпсаналары туралы академик С.А.Қасқабасов [1], Б.Б.Келгембаева [2] және т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын жазды. С.Қасқабасов фольклортану ғылымында алғаш рет аңыз, әпсана, хикая деп бір жанрға жинақтап, аңыздық проза деп атайды. Соның ішінде, топонимдік аңыздарға тоқталып оның орындалу түрлерін талдайды. Ал Б.Келгембаева Шығыс Қазақстанның әпсаналарын жинақтап, олардың тарихы мен табиғатына тоқталады. Алайда Шығыс Қазақстанның мекендік аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі арнайы зерттелінбеген. Сондықтан зерттеуде аңыз әңгімелердің көркем шығармаларда қолданылу сипатын анықтап, оның идеялық көркемдік ерекшелігіне назар аударылады.

Фольклордағы аңыздарды зерттеген ғылыми еңбектерді қарастыра отырып, Шығыс Қазақстанның аңыздарын көркемдік тұрғыдан бейнелеген жазушылардың шығармаларына талдау жасалды. Осы бағытта зерттеу барысында жинақтау, сипаттау, талдау әдістері қолданылды. Көркем шығармалардан аңыздарды тауып, мәтіндік жұмыстар жүргізілді.

Талқылау мен бақылау. Аңыз жанрының мазмұндық негізін тарихи шындықпен сабақтас маңызды оқиғалар, өткен дәуірде өмір сүрген көрнекті тұлғалар, сондай-ақ нақты географиялық нысандар мен мекендер туралы мәліметтер құрайды. Осыған байланысты халықтық санада аңыз сюжеттері мен кейіпкерлер әрекеті тарихи ақиқаттың көрінісі ретінде қабылданып, шынайылық сипатқа ие болады. Аңыз халық үшін ертегі емес, онда көркем қиял немесе көркем шарттылық аз кездеседі. Әрине, объективті көзбен қарағанда, аңызда кейде қиял элементтері бар, бірақ ол ертегі немесе эпостық шығармадағыдай көркемдеп айтылмайды.

Аңыз жанрының басты ерекшеліктерінің бірі – оның негізінде тарихи шындықтың жатуы. Екіншіден, аңызмазмұнының деректілік сипатына ықпалдайтын нақты географиялық атаулар, тарихи тұлғалардың есімдері мен белгілі бір кезеңдік межелер көрсетіледі.

Үшіншіден, аңыздағы оқиғалар ұлттық болмыспен сабақтасып, көбіне нақты бір аймақпен немесе мекенмен шектеледі. Яғни аңыз белгілі бір өңірдің жергілікті тарихына қатысты оқиғаларды баяндауға бағытталады.

Аңыз туралы «Бабалар сөзі» жүз томдық еңбекте берілген ғылыми анықтамаға назар салсақ: «Аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі (устная хроника), бір аймақта болған оқиға туралы, немесе атақты қайраткер жайында баяндайтын ауызекі әңгіме. Сондықтан аңыздардың сюжеті көп жағдайда ұлттық қана болады, бір елдің аңызы екінші елге ауыспайды, тіпті, аңыздың көпшілігі аймақтық (локальный) қана болады. Басқа елді былай қойғанда, Қазақстанның бір жерінде болған оқиға екінші жерде болмаған, сондықтан ол оқиғаға байланысты туған аңыз басқа аймаққа кең тарамаған», - делінген [3, 7].

Аңыз туралы М.Әуезов: «Тарихта болған адамдар жайында халық шығарған көркем әңгіме», – деп атайды [4, 96]. Фольклортану ғылымында аңыз тарихи және мекендік (топонимикалық) деп екіге бөлінеді. Аңыздарды зерттеген ғалым академик С.Қасқабасов та «тарихи аңыздар» және «топонимикалық аңыздар» деп екіге бөліп қарастырады [1, 173]. Тарихи және топонимикалық аңыздар ел арасына көп тараған. Қазіргі кезде сол аңыздар халықтың игілігінен көркем туындыға айналған.

Асқар Алтайдың кербез табиғатын, тамылжыған сұлулығын Оралхан Бөкейдей сүйіп, жырлаған жазушы кемде-кем. Табиғаттың асқақ жыршысына айналған табиғи тума талант О.Бөкей шығармаларында мифтік аңыздық сипат басым. О.Бөкей шығармаларындағы мифологизм мәселесін зерттеген ғалым Ж.Аймұхамбет: «О.Бөкей шығармаларында табиғат пен адам проблемасы өзекті идея болғаны мәлім. ...Айпара-ана», «Қамшыгер» әңгімелерінен бастап, «Атаукере» повесіне дейін желі болып тартылған табиғатты жанды кейіпкер түрінде бейнелеу – жазушы шығармашылығындағы мифологизмнің бір қыры», - дейді [5, 38]. О.Бөкей шығармаларында табиғат пен адам тұтастығын философиялық тұрғыда бейнелеуде миф пен аңыздарды өте шебер қолданады.

Жазушының «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Мұзтау» тағы басқа шығармалары аңыздық мотивтер негізінде жазылған. Жер жәннаты Алтайдың көрікті жерлері туралы аңыздар жазушы шығармаларында көптеп кездеседі. Мәселен, «Жылымық» әңгімесінде: «...Қаракөл - жағалауын сенің кірпігің секілді ұзын-ұзын қарағай-самырсын қоршаған самала құздардың ортасына орналасқан айнакөл еді, бірақ суы қанша мөлдір болғанымен, күндіз-түні қап-қара болып тұнып, уайым уыстап жататын. Сол өңірдің малшылары жаз жайлауға шыққанда, Қаракөлдің маңына қонбайтын. Кешегі кезде Қаракөлде су сиыр бар екен, түнде көлден шығып жайылып жүргенін көрдік, деген әңгіме тараған. Ал су перісі өмір сүретіндігі жайлы әңгіме тым әріден келеді. Күн таласып батып бара жатқан шақта, байыған алқызыл нұры Қаракөлдің майда толқынды дидарына түскенде, әлгінде қара барқынданып жатқан көл айтып жеткізгісіз алтынға шомылғаны, қарап көз тоймайтын көркем күйге түскені еді. Мен сонда жаһанда бұдан сұлу ешқандай көлдің жоқтығына іштей иланып тұрып, бейуақытта суға қараудан қорқынышты еш нәрсенің жоқтығын саналағанмын.

Түні бойы көз ілген жоқпын. Көлден ескен майда самал, жайлаудың салқын түні, саумал ауасы өн бойымдағы енжарлық пен дел-сал халден арылтып, сергек сезімге бастаған; тек таң сібірлегенде ғана, көзім ілінгендей болған. Сол сәтте Қаракөлден қара шашты аппақ қыз шығып, маған үнсіз тесіле қарағандай болып еді; қарап тұрып жымылып күлген, судан шыққан сұлу қыз жалт-жұлт еткен шашының суын сорғалатып, қайтып көлге шым батып кеткен еді. Көзімді аштым: күн енді-енді ғана асқар таудың төбесінен сығалай бастаған екен, әлгі түсімде көрген су періштесі жайлы бұған дейін тірі жанға айтқан емеспін. Кейде қысыр қиялға шомып отырып ойлаймын: мүмкін, өмірге өкпелеген сұлу қыз - су қызы адамдарды мәңгілікке талақ тастап көлге батып өлген шығар. » [6, 366].

Бұл Қаракөл аңызын жазушы әңгімеде басты кейіпкер Жанардың сұлулығына, қап-қара ұзын шашына, әдемі жанарына қарап отырып, есіне түсіреді деп бейнелейді. Жанардың ақ дидарын, әдемі жанарын Қаракөлдің сұлулығына ұқсатады. Оны айнакөл деп атайды.

Шығыс Қазақстандағы Катонқарағайда орналасқан Қаракөл (Язевое) көлі айрықша мөлдір, тұнық, тазалығымен ерекшеленеді. Бұлтсыз күндері су айдынының беткі қабатында Мұзтау (Белуха) шыңының асқақ бейнесі анық көрініп тұрады. Қаракөл географиялық тұрғыдан Мұзтауға апаратын негізгі туристік бағыт бойында орналасып, аймақтың ландшафтық жүйесінде маңызды орын алады. Сонымен қатар, бұл көл өңірде аққайран балығы мекендейтін бірегей су айдыны ретінде ерекшеленеді, бұл оның экологиялық құндылығын арттыра түседі.

Автор Жанардың сұлулығын айнадай мөлдір Қаракөлдің сұлулығымен астастырып суреттейді.

О.Бөкей «Мұзтау» повесінде адам мен табиғаттың тылсым бірлігін, туған жерге, туған өлкеге шексіз махаббатты, ұлттық болмысты ерекше қадірлеп бейнелейді. Шығармада қатал да сұлу табиғатта өмір сүріп жатқан адамдар тағдыры терең психологизммен беріледі. Киелі Мұзтау шыңы, ел мен жердің тарихы, қазақтың кең байтақ жері, туған жер, туған ауыл, туған мекен ұғымдары шығарманың өн бойында қайталанып отырады. Повесть басталғанда-ақ Аршалы ауылымен қазақ жерінің тұйықталатынын айта келіп, автор оқырманның көңілін қазақ жері деген ұғымға аударады.

О.Бөкей бұл шығармасын алғашында «Соңғы ертек» деп атаған. Жазушы қазақ халқының өткен тарихын, шежіресін Асан шалдың өтірік ертегілері арқылы оқырманға жеткізеді. Бұл туралы қаламгер сыншы Ж.Қорғасбек «Мұзтау» повесінде Шыңғыс ханды қазақ деп алғаш рет атаған Асан шалдың өтірігі арқылы жазушы тарихты субъективті тұрғыдан баяндаудың мысалы ретінде социалистік реализм идеяларын постмодернистік тәсілдер арқылы шебер бергенін айтады [7]. Кеңестік идеология билеп тұрған 1974 жылы жарық көрген бұл повесте жазушы тарихты, шежірені постмодернистік тәсілмен бейнелеп көрсетеді. Аршалыдағы жалғыз кәрі шал Асан қасына жиналған ауыл адамдарына өтірік ертегісін айтатын. Сол Асан шалдың екінші өтірігі былай еді:

«...Біздің арғы атамыз Мәметек би көзі тірі кезінде сонау Күршімнің құйғанынан бері қарай қазақтан өзге бір ұлтты аттатпаған екен. Он сегіз жасқа толғанда Омбы түсіп ақ патшаның атына арыз жазып жиырма бес жылдық договормен мөр басқан қағазын алыпты. Бірақ сол тентек қылығына кейін ол қатты өкініпті. Мәметек өр наймандағы ең бай, азулы шешен кісі болса керек. Жылқысы қара суға бас қойып бір ішкенде тауысып кетеді деуші еді....

...Мәметек бабам Мәккә - Мәдинеге барып қажы атағын алған соң бүкіл алты алашқа атағы тарап, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін төбе би болды. Жарықтық ол кісінің атын естіген қазақ-орыс ішкен асын жерге қоятын, жылаған баласы уанатын, күндегендер де, құрмет тұтқандар да айбарынан ығушы еді. Кейін заман алай-түлей болып ел іргесі ірі бастағанда Мәметек бабам қатты күйзеліп ойға батты. Әсіресе Ақ патшаның атына жазған жер дауы туралы арызы құлақтардың пайдасына шешілген соң, бұл Алтайдың мекен бола алмайтындығын, патшаның боданы болып бұдан әрі бұл жерде қала алмайтынын айтты.

Сонымен, не керек, қысы да, жазы да болмайтын жерұйық іздеуге бел буады. Халқының қамын ойлаған қайран бабам жанына елушақты нөкерін ертіп алыс сапарға аттанады...

...Мәметек би асқан ақылды адам ғана емес, асқан жершіл, ізшіл, жағырапияны жатқа білетін ғұлама екен. Осы Аршалыдан шығып, сонау ит арқасы қиян Дайланд деген жерге баруы, ешкім сенбейтін, таңғажайып ертек секілді дүние емес пе. Үйден атпен шығып кеткен қазақты қойып, қазір самолетпен сол Дайланыңа бара аласын ба? Не деген төзімділік, не деген жанкешті батылдық десеңші!

Сонда баспаған тау, бармаған жері жоқ бабам Қаратайлар үшін жерұйық іздеп Дайланға барғанда өмірі қыс болмайтын, егіні екпей ақ бидайық секілді жыл сайын қаулап өне беретін табиғи азық табады. Содан үш жыл дегенде есен-сау еліне оралады. Келесі жазда бүкіл Қаратайлықтарды түгелдей Дайланға көшіріп әкетем деп отырғанда Асыл бабам, Мәметек бабам дүние салыпты. Егер ол кісі тірі болғанда қазақтың бір руы Дайлан деген жерді жайлайтын еді...» [8, 50].

Асан шалдың аңыз ертегісі арқылы автор Мәметек би мен ұлт тағдырын, тарихи шындық пен аңыздық сарынды шебер аастастырады. Аңыздың басты ерекшелігі – тарихи дерек пен қиялдың, ақиқат пен арманның өзара астасуы. Мәметек би арқылы халықтың отаршылдық кезеңдегі тағдыры, жер мәселесі, еркіндікке ұмтылысы көркем түрде бейнеленеді. Би шешен, ел ағасы Мәметек би бойынан қазақ дүниетанымындағы дәстүрлі көсемге тән бірнеше қасиет жинақталған. Мәметек бидің Мекке-Мәдинаға барып қажы атануы – оның рухани кемелдігін білдіреді. Осыдан кейін «алты алашқа атағы тарауы» – қазақ қоғамында дін мен дәстүрдің, рухани тазалық пен әлеуметтік беделдің өзара байланысын аңғартады. Мәметек бидің басты қасиеті – жеке бас емес, халық қамын ойлау. Ол отарлық қысым күшейген тұста қазақ жерінің болашағына алаңдап, елге «бұл жердің енді мекен бола алмайтынын» айтуы – көрегендік белгісі.

Он сегіз жасында Омбыға барып, ақ патшаға арыз жазуы – қазақтың отарлық билікке заң арқылы қарсы тұруға тырысқан алғашқы қадамдарының символы. Алайда, бұл әрекет кейін «қатты өкінішке» айналады, арыз «құлақтардың пайдасына шешіледі». Осы тұс – қазақтың құқықтық тұрғыда жеңілген тарихи сәтін бейнелейді. Бұл – аңғал сенімнің, империялық жүйені толық түсінбеудің трагедиясы.

Мәметек бидің «қысы да, жазы да болмайтын жер» іздеуі – қазақ фольклорындағы Жерұйық концепциясымен тікелей сабақтас. Бұл жерде Мәметек Асан Қайғының рухани жалғасы, елге құтты мекен іздеген көшбасшы ретінде көрінеді. Дайлан – нақты географиялық кеңістік емес, ол – еркіндік пен әділеттің, бодандықтан ада өмірдің символы. Жол азабы – рухтың беріктігі «Аршалыдан шығып, ит арқасы қиян Дайланға баруы» – қазақтың төзімділігі мен жанкешті батылдығын айқындайды. Автордың: «Қазір самолетпен сол Дайланыңа бара аласың ба?» деген риторикалық сұрағы: өткен мен бүгінді салыстырады; бұрынғы қазақтың табиғатпен етене өмір сүрген төзімді болмысын асқақтатады. Мәметек бидің дүниеден өтуі – тек бір адамның өлімі емес, жүзеге аспай қалған ұлттық арманның үзілуі.

Аңыздар халықтың ғасырлар бойғы арман-тілегі мен мұң-мұқтажын бейнелейді. Олардың мазмұнынан адамның рухани ізденісі мен дүниетанымын анық аңғаруға болады. Сонымен қатар, аңыздар көркем шығармада ұлттық кейіпкер бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өмірлік шындықты көркемдік шындыққа айналдырудағы қызметі ерекше мәнге ие.

Асан Қайғыдан келе жатқан «Жерұйықты іздеу» концепциясы, жер жұмағын іздеудің тағы бір көрінісі қара сөздің шебері Қалихан Ысқақтың «Қараорман» романында былай беріледі:

«Сифат машинадан түсе салысымен Әулие бұлаққа бетін шәйіп, білегін сыбанып су ішті де бір қыдыру жерді жеңілтек айналып қайтқан еді.

– Сәке, мынау жерде де адам қартайып, кісі өледі-ау, ә!..

Сифат Бекетке жылыұшырай қарады; жұп-жұмсақ қызыл шырайлы жүзінде күреңіте құлпырған нұр бар, кең маңдайынан түре қайырған күмістей ақ шашында Әулие бұлақтың күміс тамшылары ойнайды.

– Әттең, еркіме салса о дүниенің жұмағына асықпай-ақ қояр едім, - деді Сан Саныч. Таңда мақшарға екі адам барған екен, - деп Сифат сөзін ауыл арасының анекдотынан бастады. – Бірі жердің жәннатында, екіншісі шөлде өмір кешкен екен. Әуелгісіне жұмаққа жолдама беріп, кейінгісін тамұққа қуыпты. Әлгі байқұс: япыр-ай, ғұмырымның өзі тамұқта өтіп еді, өлгенде де маған жұмақтың бұйырмағаны қалай десе, бүйтепке жазып отырған қу: оқасы жоқ, үйренген тірлігің ғой, ол тозақтан бұл тозақтың айырмасы шамалы депті. Соған қарағанда о дүниеде де адамды жеріне, мекен тұрағына қарай сұрыптайтын көрінеді. Сұрыптағанда да тірлікте көшкен тозағы есепке алынбаса керек...» [9, 309].

Бұл үзіндіде сырттай қарағанда жеңіл әңгіме, анекдот секілді көрінгенімен, астарында терең философиялық, экзистенциалдық ой жатыр. Автор табиғат көрінісі, кейіпкер психологиясы және юморды ұштастыра отырып, адам өмірінің өткіншілігі, жер мен мекеннің тағдырға әсері, тіршілік пен о дүниенің сабақтастығы туралы ой қозғайды.

Көркем шығармаларда аңыз әңгімелер ұлттық реңк беріп, халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын танытады. Олар арқылы тарихи жад, ұжымдық тәжірибе мен халықтың мәдени мұрасы жеткізіледі. «Алтай таулары - географиялық аумақ қана емес, ата-баба рухымен сабақтастықты білдіретін символдық мәнге ие киелі жер» [10, 11678]. Алтай тауларындағы киелі жерлер туралы, олардың аталу себебін білдіретін аңыз әңгімелер ел арасында сақталған. «Топонимдік аңыздар – фольклордың көрінісі, қоғамның рухани-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде өлкенің тарихы мен табиғатын суреттеп, ...географиялық атаулардың пайда болуын түсіндіреді» [11, 91].

Прозада өзінің туған өлкесінің тамаша табиғаты мен сұлу да асқақ Алтай суретінің көріністерін, оның тылсым сырларын бейнелеген жазушы Асқар Алтайдың шығармаларынан топонимдік аңыздарды көптеп кездестіруге болады. Жазушының «Қызбейіт» әңгімесінде аңшы жігіт Жылқышы туралы жасынан тауда өскен, темірдей шыныққан жігітті аңшылыққа баулыған да әкесі болатын. Бірақ әкесі ақ пен қызыл қырғыны кезінде кержақ бандыларының қолынан қаза тапқан: шекарадағы асуды көрсетпегені үшін Қызыл Кезеңнің құзынан құлатып жіберген. Он сегіздегі Жылқышы әкесінің бассыз мүрдесін үш күннен соң тауып, үйіне әкелді. Бұл қасіретке шыдамаған анасы көп ұзамай көз жұмды. Сол күннен бастап оның өмірі тау тағысындай жалғыз аңшылық тірлікке айналды деп баяндалады.

«Бірде бай ауыл Мырзанның бой жетіп қалған қызы Қызжанмен шілдеханада танысты. Сол күннен бастап Ахат Мырзан ауылына кеш түсе келіп, түн-түнегі түріле алтыбақан басынан қайтатын. Қызжанның азуы алты қарыс үш ағасы бұған аяғын тартып жүруін ескертсе де, қыз бен жігіт кездесуін қоймады. Ақыры, Жылқышы таяққа жығылды, Қызжан үйге қамалды.

Тағдырдың жазғаны ма, көп кешікпей бұл маңдағы ауылдарды қара күзендей қаптаған шешек жайлады. Шешек біреудің жалғзын алды, біреудің..., не өзіңді, не көзіңді алам деп келді. Ел дүрлігіп орта жайлауға бет бұрды. Қызжан түйе қомында Алтайдың алқызыл модағай гүліндей шешек атқан шағында дүниеден көшті. Ел-жұрт індеттен қашқандай осы төбеге сүйек жамбасы жерге тиер-тиместе жетісін өткізбестен төр жайлауға үдере көшкен.

Жылқышы Қызжан тағдырын төр жайлауда естіді. Ести сала түн қатып зиратқа тартты. Енді, міне, жалғыз айлы бейіттің батыс жақ бетінен көтеріліп, үн-түнсіз түнере қарайды ол. Қорғасындай қайғы жүрегіннің басына ащы запырандай жиналып, ел айтатын «тағы жүректі» сыздатып тұр.

Сол себепті ел-жұрт кейіннен сол қабір жатқан орынды «Қызбейіт» атап кеткен», - делінген [12, 15].

Берілген аңыз жазушының әңгімесінде сюжеттік тірек, трагедиялық желіні тереңдететін көркемдік құрал және ұлттық дүниетанымды танытатын мифо-танымдық қабат ретінде қызмет атқарады. Аңыз оқиға желісіне сырттай телінген элемент емес, кейіпкер тағдырын, қоғамдық қатынастарды және уақыт шындығын ашатын маңызды көркемдік компонентке айналған.

Аңыздағы «Қызбейіт» деп аталып кетуі - халықтық жадының көрінісі. Бұл тұста жазушы жеке трагедияны топонимдік аңызға айналдырып, оқиғаны уақыт пен кеңістікте мәңгілік етеді. Осылайша, әңгімеде аңыз халықтың тарихи жадын, ұжымдық санасын сақтайтын көркем құрал ретінде қолданылады. Аңыз шығарманың идеялық-көркемдік жүгін арттырып, оны ұлттық рух пен трагедиялық пафосқа толы тұтастай көркем жүйеге айналдырады.

Осы сияқты топонимдік аңыз А.Алтайдың «Былғары табыт» романында былай беріледі: «Ерте заманда Алтайды мекендеген бір ханның Марқа атты ару қызы болған екен.

Қыз көркі мен ақылына сай - елінің мақтаны, жұртының үміті болған. Бірақ ханның билігіне қарсы шыққан бір көрші хан соғыс ашады. Соғыста ел талқандалып, Марқа сұлу қашып жүріп Марқакөл маңында қаза табады.

Ел кейін сол жерді қыздың құрметіне «Марқаның көлі» - Марқакөл деп атап кеткен дейді аңыз» [12, 182]. Ел арасында Марқакөл туралы аңыздар өте көп таралған. А.Алтайдың «Былғары табыт» романында А.Алтайдың «Былғары табыт» шығармасын академик С.Қасқабасов «Ұлттың жадын жаңғыртқан роман» деп атап: «Ежелгі хандықтар заманынан елес беретін Марқа сұлу аңызы ағайынды тайпалардың бақталастығы мен тақталастығы қозып, ауызбіршілігі әлсіреген соң іргелі жат ұлыстарға жем болып кеткенін әшкере етеді. Әрине, мифтер мен салт-кәделер шығармаға сол күйінде алынбаған, әдебиленген, мағынасы өзгертілген, психологиялық жағынан тереңдетілген, қосымша сюжеттермен көмкерілген, өмірдің көріністері енгізілген, соның арқасында көне рәсімдер мен әпсаналар бітім-өрнегі кемел де келісті көркем шығармаға айналған», - дейді С.Қасқабасов [13].

Романдағы Марқакөл туралы аңыздың берілуі шығарманың идеялық-көркемдік жүйесінде маңызды қызмет атқарады. Жазушы аңызды роман мәтініне енгізу арқылы жеке көркем оқиғаны халықтық таныммен, мифо-тарихи санамен сабақтастырады. А.Алтай бұл аңызды романда қолдану арқылы кеңістік пен уақытты рухани тұрғыдан тереңдетеді. «Былғары табыт» романында көтерілетін тарихи әділетсіздік, отарлық сана, зорлық-зомбылық мәселелері осы аңызбен идеялық тұрғыда астасып жатады. Өткендегі хандық дәуірдегі қасірет пен кейінгі тарихи кезеңдердегі трагедиялар арасында көрінбейтін рухани сабақтастық орнайды. Аңыз романның идеялық-көркемдік салмағын арттырып, оны миф пен тарих, жеке тағдыр мен ұжымдық сана тоғысқан терең философиялық туынды деңгейіне көтереді.

Жазушылар халық арасында кең тараған аңыздардың сюжет желілерін өңдеп, оларды өз шығармаларының негізіне айналдырған. Бұл қаламгерлердің туындыларында аңыздың тылсымдық қасиеттері мен жұмбақ сырлары шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындауда көркемдік құрал ретінде қызмет етеді.

Нәтижелер. Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан өңірі, оның ішінде Алтай табиғаты мен осы аймаққа қатысты аңыздардың қазақ прозасындағы көркемдік-идеялық қызметі жүйелі түрде талданды. Талдау нәтижелері Алтай табиғатының көркем шығармада тек пейзаждық сипатта ғана емес, ұлттық дүниетаным мен тарихи сананы танытатын маңызды көркемдік категория ретінде бейнеленетінін көрсетті.

Алтайға қатысты аңыздардың жазушылар шығармаларында фольклорлық мұра мен авторлық көркемдік ойдың тоғысу нүктесіне айналып, мәтіннің құрылымдық тұтастығын қамтамасыз ететін поэтикалық құрал қызметін атқаратыны анықталды. Фольклортануда қалыптасқан теориялық тұжырымдар негізінде тарихи және топонимикалық аңыздардың көркем прозаға икемделу ерекшеліктері сараланып, олардың сюжеттік, образдық және идеялық деңгейде трансформациялану үдерісі айқындалды.

Оралхан Бөкей шығармаларындағы мифтік-аңыздық сипат табиғат пен адам болмысының философиялық астасуын тереңдетіп, көркем мәтінге символдық-мағыналық жүк артатыны дәлелденді. Қалихан Ысқақтың «Қараорман» романындағы жұмақты іздеу аңызы кейіпкердің ішкі рухани ізденісін ашатын көркемдік тәсіл ретінде танылып, аңыздың психологиялық-философиялық функциясы айқындалды. Ал Асқар Алтай шығармаларында топонимикалық аңыздардың туған жер тарихын көркем пайымдаудың тиімді формасы ретінде қолданылып, Марқакөл мен Қызбейітке қатысты аңыздардың шығарма идеясына қызмет еткені ғылыми тұрғыда негізделді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстан өңіріне тән аңыздардың қазақ прозасында ұлттық мәдени кодты сақтаушы әрі көркемдік жүйені байытушы маңызды фактор екенін дәлелдейді. Бұл аңыздар арқылы жазушылар туған өлкенің табиғи-тарихи болмысын көркемдік деңгейде жаңаша пайымдап, қазақ әдебиетінің идеялық-эстетикалық дамуына елеулі үлес қосқаны тұжырымдалды.

Қорытынды. Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан өңірі, соның ішінде Алтай табиғаты мен киелі мекендерге қатысты аңыздардың қазақ көркем прозасындағы орны мен көркемдік қызметі ғылыми тұрғыда зерделенді. Талдау нәтижелері Алтай бейнесінің әдебиетте тек географиялық кеңістік ретінде ғана емес, ұлттық руханияттың, тарихи жад пен мәдени сабақтастықтың көркем символы ретінде қалыптасқанын айқындады.

Алтайға қатысты аңыздардың жазушылар шығармаларында фольклорлық мұра мен авторлық дүниетанымды тоғыстыратын көркемдік механизмге айналғаны анықталды. Тарихи және топонимикалық аңыздардың көркем мәтінге енгізілуі шығармалардың идеялық мазмұнын тереңдетіп, табиғат пен адам, тарих пен қазіргі уақыт арасындағы рухани байланысты ашуға мүмкіндік бергені дәлелденді.

Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Асқар Алтай сынды қаламгерлердің шығармаларына жасалған талдау олардың туған өлке болмысын аңыздық желі арқылы философиялық, символдық деңгейде бейнелегенін көрсетті. Әсіресе табиғатқа қатысты мифтік-аңыздық сарындар кейіпкер психологиясын, адам болмысының экзистенциялық мәселелерін ашуда маңызды көркемдік қызмет атқаратыны тұжырымдалды.

Жалпы алғанда, мақалада қарастырылған материалдар Шығыс Қазақстан аңыздарының қазақ прозасында ұлттық дүниетанымды, тарихи сананы және рухани құндылықтарды танытатын көркемдік жүйе ретінде орныққанын дәлелдейді. Бұл зерттеу нәтижелері аймақтық әдебиеттану мәселелерін тереңдетуге, фольклор мен көркем әдебиет арақатынасын жаңа қырынан пайымдауға, сондай-ақ қазақ прозасындағы табиғат концепциясын ғылыми тұрғыда жүйелеуге негіз бола алады.

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 320 б.
2. Келгембаева Б.Б. Ел мен жер тарихы: Шығыс Қазақстанның аңыздық прозасы. – Өскемен: Медия-Альянс, 2006. – 168 б.
3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 80-том. Топонимдік аңыздар. – Астана: Фолиант, 2011. – 2011. – 336 б.
4. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1962. – 430 б.
5. Аймұхамбет Ж. Миф және қазіргі әдебиет. – Астана: Фолиант, 2012. – 304 б.
6. Бөкей О. Шығармалары. Әңгімелер. Т.4 – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
7. Қорғасбек Ж. Аңыз Бексұлтан. Абай.кз ақпараттық порталы // URL: <https://abai.kz/post/72394>. 24.03.2021.
8. Бөкеев О. Повесть, эссе, новеллалар. – Алматы: Жазушы, 1975. – 256 б.
9. Ысқақ Қ. Қараорман. Роман. – Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы, 2025. – 464 б.
10. Yussup A., Tanzharikova A., Satemirova D., Sarbassov B., Cherbovskikh I. The Image of the Sacred Placts 3n Literature Genesis: A Case Study Kazakhstan // Journal of Ecohumanism. – 2024. Volume 3. – №8. – P. 11673–11682. DOI: <https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5767>
11. Абишева Ш., Кенбаева А.З., Әбдіманапова М.Б. Топонимдік аңыздар ертегілік емес прозаның ерекше жанры ретінде // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2025. – № 1. – Б. 89-98. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.09>
12. Алтай А. Әңгімелер мен новеллалар. 1- том. – Алматы: Арда, 2022. – 400 б.
1. Қасқабасов С. Ұлттың жадын жаңғыртқан роман // URL: <https://qalamger.kz/>

М.Е. АЙМУХАНБЕТОВА, А.М. КАРТАЕВА, Б.Н. БИЯРОВ

Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

ОТРАЖЕНИЕ ПРИРОДЫ И ТОПОНИМИЧЕСКИХ ЛЕГЕНД СВЯЩЕННОГО АЛТАЯ В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Аннотация. В статье рассматривается художественное изображение природы Алтая – живописного края Восточного Казахстана – и связанных с ним легенд в литературных произведениях. Отмечается, что в этом удивительном природном пространстве, обладающем уникальной красотой, глубокой историей и богатым культурным наследием, сформировались талантливые личности и выдающиеся писатели. Подчеркивается, что уроженцы этого края – Оралхан Бокей, Калихан Искак, Дидахмет Ашимханов, Алибек Аскаров, Асқар Алтай –

внесли значительный вклад в золотой фонд казахской литературы. Установлено, что мастера слова, изображая вершины Алтая, его величественную природу и присущую этому краю таинственность, своими произведениями способствовали развитию жанра прозы и подняли его на высокий художественный уровень.

Легенды, связанные со священными местами Восточного Казахстана и Алтая, широко распространены в народной среде; анализ их художественного использования в произведениях писателей составляет основное содержание статьи. Автор обращается к теоретическому определению понятия «легенда» в фольклористике и её видам, опираясь на научные концепции М.Ауэзова и С.Каскабасова. В качестве методологической основы принимается классификация С.Каскабасова, согласно которой легенды подразделяются на исторические и топонимические. Отмечается, что в произведениях Оралхана Бокея, художественно воспевающих красоту природы, преобладает мифо-легендарное начало, особенно в повестях «Кар қызы» («Снежная девушка»), «Сайтан копир» («Чёртов мост»), «Музтау». Анализируется художественное использование легенды о Караколе в рассказе «Жылымык», а также легенды о Маметек би в повести «Музтау».

В романе «Караорман» мастера художественной прозы Калихана Искака рассматривается образ главного героя Сигата и бытовавшая среди сельских жителей легенда о поисках рая.

Легенды, связанные с происхождением названий священных мест Восточного Казахстана, в том числе широко распространённая в народе легенда о Маркаколе, анализируются на материале романа А.Алтая «Былғары табыт». Доказывается, что народное предание, объясняющее происхождение названия Маркаколь, получило в произведении писателя идейно-художественное осмысление. Аналогичным образом в статье рассматривается использование легенды, связанной с названием Кызбеит, в одноимённом рассказе «Кызбеит».

Ключевые слова: Алтай, природа, топонимическая легенда, историческая легенда, писатель, художественное произведение, идея, художественное мастерство.

M.E. AYMUKHANBETOVA, A.M. KARTAIEVA, B.N. BIYAROV
S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

THE REFLECTION OF THE NATURE AND TOPONYMIC LEGENDS OF SACRED ALTAI IN LITERARY WORKS

Annotation. The article examines the artistic depiction of the nature of Altai - the picturesque region of Eastern Kazakhstan - and the legends associated with it in literary works. It is noted that in this remarkable natural environment, distinguished by its unique beauty, deep history, and rich cultural heritage, talented individuals and prominent writers have emerged. The study emphasizes that natives of this region - Oralhan Bokey, Kalikhan Iskak, Didakhmet Ashimkhanov, Alibek Askarov, and Askar Altai — have made a significant contribution to the golden fund of Kazakh literature. It is established that these masters of the word, by portraying the peaks of Altai, its majestic nature, and the inherent mystery of the region, advanced the development of the prose genre and elevated it to a high artistic level through their works.

Legends associated with the sacred sites of Eastern Kazakhstan and Altai are widely disseminated among the people; the analysis of their artistic use in writers' works constitutes the main focus of the article. The author refers to the theoretical definition of the concept of "legend" in folklore studies and its types, drawing on the scholarly concepts of M. Auezov and S. Kaskabasov. The methodological basis of the study adopts S. Kaskabasov's classification, according to which legends are divided into historical and toponymic.

It is noted that in the works of Oralhan Bokey, which artistically celebrate the beauty of nature, the mytho-legendary element predominates, especially in the novellas Kar Kyzy ("Snow Girl"), Saitan Kopir ("Devil's Bridge"), and Muzttau. The article analyzes the artistic use of the legend of Karakol in the story Zhylymyk, as well as the legend of Mаметек Bi in the novella Muzttau.

In the novel Karaorman, the prose master Kalikhan Iskak explores the character of the protagonist Sigat and the legend prevalent among rural residents regarding the search for paradise.

Legends related to the origins of the names of sacred sites in Eastern Kazakhstan, including the widely known folk legend of Markakol, are analyzed based on Al. Altai's novel Bylgary Tabyt. The study demonstrates that the folk narrative explaining the origin of the name Markakol receives an ideological and artistic interpretation in the writer's work. Similarly, the article examines the use of the legend associated with the name Kyzbeit in the eponymous story Kyzbeit.

Keywords: Altai, nature, toponymic legend, historical legend, writer, literary work, idea, artistic skill.

References

1. Qasqabasov S.A. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Jazuşy, 1982. – 320 b.
2. Kelgembäeva B.B. El men jer tarihi: Şyğys Qazaqstannyñ aңызdyq prozasy. – Öskemen: Media-Äläns, 2006. – 168 b.
3. Babalar sözi: Jüz tomdyq. 80-tom. Toponimdik aңызdar. – Astana: Foliant, 2011. – 2011. – 336 b.
4. Äuezov M. Uaqyt jäne ädebiet. – Almaty: Čylym, 1962. – 430 b.
5. Aimühambet J. Mif jäne qazırgı ädebiet. – Astana: Foliant, 2012. – 304 b.
6. Bökei O. Şyğarmalary. Äñgimeler. T.4 – Almaty: El-şejire, 2013. – 384 b.
7. Qorğasbek J. Aңыз Beksұлтан. Abai.kz aqparattyq portaly // URL: <https://abai.kz/post/72394.24.03.2021>.
8. Bökeev O. Poves, ese, novelalar. – Almaty: Jazuşy, 1975. – 256 b.
9. Ysraq Q. Qaraorman. Roman. – Almaty: Qazaqstan Jazuşylar odağy, 2025. – 464 b.
10. Yussup A., Tanzharikova A., Satemirova D., Sarbassov B., Cherbovskikh I. The Image of the Sacred Placts 3n Literature Genesis: A Case Study Kazakhstan // Journal of Ecohumanism. – 2024. Volume 3. – №8. – P. 11673–11682. DOI: <https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5767>
11. Abişeva Ş., Kenbaeva A.Z., Äbdımanapova M.B. Toponimdik aңызdar ertegilik emes prozanyñ erekşe janry retinde // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2025. – № 1. – B. 89-98. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.09>
12. Altai A. Äñgimeler men novelalar. 1- tom. – Almaty: Arda, 2022. – 400 b.
13. Qasqabasov S. Ülttyñ jadyñ jañğyrtqan roman // URL: <https://qalamger.kz/>

Авторлар туралы мәлімет:

Аймуханбетова Мадина Еркиновна – С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті докторанты, Өскемен, Қазақстан.

Аймуханбетова Мадина Еркиновна – докторант Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Aymukhanbetova Madina Erkinovna – doctoral student at the S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Картаева Айжан Маратбековна – филология ғылымдарының докторы, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессоры, Өскемен, Қазақстан.

Картаева Айжан Маратбековна – доктор филологических наук, профессор Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Kartaeva Aizhan Maratbekovna – doctor of Philology, Professor at the S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Бияров Бердибек Нуrolдинович – филология ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, Өскемен, Қазақстан.

Бияров Бердибек Нуrolдинович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Biarov Berdibek Nurolidinovich – candidate of philological sciences, associate professor at the S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk